



Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2019 жылдың 12 тамызы

KASE 2019 жылдың шілде айындағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындыларын жариялайды

- 2019 жылдың шілдесінде KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 9 693,5 млрд теңгені құрап, 2019 жылдың маусым айымен салыстырғанда 2,5 % немесе 239,9 млрд теңгеге өсті;
- Бағалы қағаздар нарығы (+18,3 % немесе +111,4 млрд теңге) және қаржы (+8 % немесе +586,3 млрд теңге) нарығы оң динамиканы көрсетті.
- Шет елдік валюталар нарығындағы сауда-саттық көлемі 30,3 % немесе 457,8 млрд теңгеге төмендеді;
- Бағалы қағаздар нарығы келесі нарық секторларында тіркелген:
 - акциялар – 11 есе;
 - МБҚ – 30 %;
 - ХҚО облигациялары – 25 %.
- 2019 жылдың шілде айында Биржаның ресми тізіміне 8 эмитенттің 13 облигациялар шығарылымы енгізілді.
- 2019 жылдың 01 тамызында KASE сауда-саттық тізімінде 176 эмитенттің 428 атаулы бағалы қағаздары болды.
- 2019 жылдың шілде айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 0,7 % төмендеп, 2 273,64 нүктені құрады.
- Корпоративтік облигациялар секторында алғашқы орналастыру көлемі 203,1 млрд теңгені құрады.
- 2019 жылдың 01 тамызында Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атына ашылған 119 687 жеке шоттар ашылды, ол алдыңғы айға қарағанда 293 шотқа және 2019 жылдың басына қарағанда 2 863 шотқа артық.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Шілде айының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 0,8 % немесе 126,8 млрд теңгеге өсіп, 15,9 трлн теңгені құрады. Айдың аяғында KASE ресми тізімінде 123 эмитенттің 138 атаулы акциялары орналастырылды, олардың екі шығарылымы листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Шілде айында акциялармен сауда-саттық көлемі маусым айына қарағанда 11 есе өсіп немесе 40,6 млрд теңгеден 44,5 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 2 млрд теңгені құрады. Мәмілелердің орташа күндік саны – 479. Бір мәміленің орташа көлемі – 4,2 млн теңге. Айтарлықтай өсім тұрақты емес сипаттағы ірі мәмілелерді жасау себебіне байланысты орын алды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі акциялармен мәміле көлемінің жиынтық көлемінен 38,6 % құрады. Брокер-дилерлердің қатысу үлесі 29,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың шоттарына 8,1 % тиесілі, заңды тұлғалардың үлесі 23,9 %. Екінші деңгейдегі банктер акциялармен сауда-саттыққа қатысқан жоқ. Резидент еместердің қатысуы 15,7 % болды.

KASE Индексі

KASE Индексі шілде айын 0,7 %, немесе 15,36 нүктеден 2 273,64 нүктеге дейін төмендеумен аяқтады.

KASE өкілетті тізіміне енгізілген акциялар бағаларының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.07.2019	01.08.2019	шілдеде
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	116,70	132,55	+13,58%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	24 205,00	24 510,01	+1,26%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 071,16	1 049,99	-1,98%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 613,99	1 563,00	-3,16%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	242,45	230,01	-5,13%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 963,98	2 779,11	-6,24%
"Кселл" АҚ	KCEL	2 049,70	1 920,00	-6,33%

"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ жай акцияларының Индекс өсімі 13,58 % -ға өсіп, 132,55 теңгені құрады. Маусым айының аяғында жарияланған банктің дивидендік саясатын жаңарту туралы жағымды жаңалық банк акцияларының баға белгілеулерін есептік кезеңнің ортасына дейін өсуіне мүмкіндік берді.

"Кселл" АҚ акциялары құлдырауға ұшырады. Шілде айның аяғына қарай компанияның үлестік құралдары маусымды жабу бағасының 6,33 % жоғалтты.

Компанияның баспасөз хабарламасына сәйкес, бірінші жартыжылдықтағы таза сату көлемі 0,5 % өсіп, 73 049 млн теңгені құрады; бір жолғы шығындарды есептемегенде операциялық табысы – 40,9 % өсіп, 14 313 млн. теңгені құрады; таза табысы айтарлықтай болған жоқ және -5 881 млн теңгені құрады; абоненттік база сапалы клиенттерді тарту және көлемге негізделген дистрибуциядан кету стратегиясын жүзеге асыру нәтижесі ретінде 8 676 мың пайдаланушыға дейін төмендеді.

KAZ Minerals PLC үлестік құралдарының баға белгілеулері 6,24 % төмендеді. Сауда-саттық соғысы айналасындағы белгісіздік әлемдік экономиканың дамуы үшін тәуекел туындатады, ол жағдай инвесторларды алаңдатады. Қытай таратыпанан мысқа сұранымның жеткілікті болуына қатысты өндірістік компанияның акциялар бағасына құбылмалылықты арттырды. 25 шілдеде мыс өндіруші компания 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына өндірістік қызметі нәтижесін ұсынды, онда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мыс өндірісінің 6 % өсіп, 147,6 тоннаны құрады. Екінші тоқсанда байыту фабрикаларының техникалық өзіндігі мыс өндірісінің 77,6 мың тоннаға артуына әкелді. Баспасөз хабарламасының мәтініне сәйкес, компания 2019 жылға жоспарлаған мыс өндірісінің көлемін 300 мың тоннаға дейін арттыру жолында. 2019 жылдың қаңтар-шілде айында қаржы нәтижелерін жариялау 15 тамызға дейін күтілуде.

Бір айдың ішінде "Банк ЦентрКредит" АҚ жай акцияларының баға белгілеулері айтарлықтай бір жақты қозғалыста болды. Шілдедегі құлдарудың негізгі бөлігі айдың аяғында банктің рейтингі бойынша болжамды жариялау аясында өтті. 23 шілдеде компания рейтингілік бағасын "B/B" деңгейінде растағаны туралы және болжамды Standard & Poor's агенттігі "Негативті" деңгейінде

қайта қарастырғаны туралы хабарлады. Рейтингілік агенттігінің материалдарына сәйкес банк рейтингі бойынша "Негативті" болжамы өткен кезеңдерде берілген проблемалық несиелердің сақталған айтарлықтай көлемін көрсетеді, ол қаржыландыру көрсеткіштері мен активтер сапасына кері әсерін тигізеді. 24 шілдеде банктің акцияларының бағасы өткен сауда-саттық күні жабылу деңгейімен салыстырғанда, 2,91 % төмендеді .

Шілде айында айтарлықтай корпоративтік жаңалықтар болмауына байланысты "KEGOC" АҚ акцияларының баға белгілеулері бір қалыпты бағытта қозғалысын жалғастырды. 2019 жылдың 31 шілдесінде Moody's Investors Service агенттігі эмитенттің ұзақ мерзімді рейтингін "Ваа3" деңгейінде тұрақты болжаммен растады. Хабарламаға сәйкес, компания рейтингі "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ арқылы компанияны бақылайтын, Қазақстан Үкіметінің рейтингі деңгейінде тұр.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Шілде айында айналымдағы корпоративтік борыш көлемі 2 % немесе 230,5 млрд теңгеге өсіп, 11,8 трлн теңгеге дейін жетті.

Шілде айының соңында KASE ресми тізімінде 65 эмитенттің 254 атаудағы облигациялары шығарылымы болды. Есептік кезеңде ресми тізіміне 6 эмитенттің 11 шығарылым облигациялары енгізілді: төрт шығарылым "КТЖ" ҰК" АҚ, екі шығарылым "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ, екі шығарылым "Банк "Bank RBK" АҚ, "Альфа-Банк" ЕБ АҚ шығарылымы, "Еуразиялық банк" АҚ және "Нұрбанк" АҚ.

Шілде айында KASE сауда-саттық тізімінен айналым мерзімі аяқталуына байланысты "Kaspi Bank" АҚ екі шығарылым облигациялары және Банк ВТБ АҚ Еншілес ұйымы облигациялары шығарылымы шығарылды; өтеуге байланысты "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ облигациялары және жойылуына байланысты "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ.

Корпоративтік облигациялардың кірістілігі индексі мәні KASE_BMY шілде айында 5 базистік нүктеге артып, жылдық 10,74 % құрады.

Қазақстан қор биржасында корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі маусымға қарағанда 12,6 % немесе 31,8 млрд теңгеге төмендеп, 220,8 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 10 млрд теңге, орташа күндік саны – 14, бір мәміленің орташа көлемі – 728,7 млн теңге.

Шілде айында корпоративтік облигациялар секторындағы алғашқы нарығында жалпы сомасы 203,1 млрд теңгеге алты шығарылымы орналастырылды, ол маусым айының көрсеткішіне қарағанда 26,7 % немесе 42,7 млрд теңгеге өскен:

- "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ BASPb3 коммерциялық облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,2685 % орналастырып, 28,3 млрд теңге тартты;
- "АстанаГаз КМГ" АҚ AKMGb2 он жылдық облигацияларын жылдық 10 % орналастырып, 102,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Даму Банкі" АҚ BRKZb16 бес жылдық облигацияларын жылдық 10,27 % орналастырып, 41 млрд теңге тартты;
- "қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ JSBNb1 жеті жылдық облигацияларын жылдық 10,27 % орналастырып, 20 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" АҚ Ипотекалық ұйымы" АҚ KZIKb27 облигацияларын жылдық 10,27 % орналастырып, 10,8 млрд теңге тартты, өтеу мерзімі 8,4 жыл;
- "Көтерме бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ ORPTb1 жеті жылдық облигацияларын жылдық 10,5 % орналастырып, 900 млн теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында ЕДБ үлесі 57,6 % құрады. Өзге институционалдық инвесторлардың үлесіне – 37,2 %, өзге заңды тұлғалар – 1,7 %. Резидент еместер үлесі – 50,2 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 80,8 % немесе 74,5 млрд теңгеге төмендеп, 17,7 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы ЕДБ қатысу үлесі 39,3 %, брокер-дилерлер – 7,3 %, өзге институционалдық инвесторлар – 43,1 %, өзге заңды тұлғалар – 4,5 %, заңды тұлғалардың үлесі – 5,8 %. Резидент еместер үлесі – 5,8 %.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ) НАРЫҒЫ

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны шілде айында 1,8 % немесе 219,3 млрд теңгеден 12,3 трлн теңгеге өсті.

Шілде айында KASE МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 30,1 % немесе 88,1 млрд теңгеге өсіп, 380,8 млрд теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 17,3 млрд теңге көлемінде қалыптасты, орташа күндік мәміле саны – 3, бір мәміленің орташа саны – 6,2 млрд теңге.

Бастапқы нарықтағы МБҚ мәміле көлемі 36 % немесе 92,3 млрд теңгеге төмендеп, 348,8 млрд теңгені құрады. Барлық көлемі ұзақ мерзімді облигациялардың төрт шығарылымын жылдық 8,46–8,71 % орналастырған Қаржы министрлігінің облигацияларына келді. Барлық көлемі институционалдық инвесторлар сатып алды.

Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 11,6 % млрд теңге немесе 4,2 млрд теңгеден 32,0 млрд теңгеге төмендеді. Қайталама нарықтың сауда-саттығының жалпы айналымынан 96,9 % Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарының үлесіне келді.

Қайталама нарықтағы ЕДБ үлесі 44,5 %, брокер-дилерлердің үлесі – 4,7 %, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі – 30,6 %, өзге заңды тұлғалар – 20,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 %. Резидент еместер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

ХҚҰ облигациялары

Есептік айда KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының 28 шығарылымы болды, соның ішінде: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) және Азия даму банкі.

Есептік айда "Халықаралық қаржы корпорациясының бағалы қағаздары" секторына екі шығарылымның облигациялары енгізілді: Еуропалық қайта құру және даму банкінің сегіз жылдық халықаралық облигациялары шығарылымы енгізілді, онда жазылым аясында KASE сауда-саттық жүйесінде жартыжылдық купонға 0,5 % маржамен 60 млрд теңгеге, және Азия даму банкінің бес жылдық екі облигациялары шығарылымы жылдық 0,375 % тоқсандық купонына 15,4 млрд теңгеге орналастырылған.

Инвесторлар құрамында алғашқы нарықта институционалдық инвесторларға – 93,4 %, заңды тұлғалардың үлесі 6,6 % құрады. Бейрезиденттер сауда-саттыққа қатысқан жоқ.

Қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 20,3 млн теңгені құрады. 50 % брокерлік-дилерлік компаниялар жасаған мәмілелерге, және 50 % институционалдың инвесторлар үлесі құрады.

Инвестициялық қорлардың үлес пұлдары

01 шілдедегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар"

секторында алты компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды.

Сауда-саттық көлемі 57,3 % төмендеп, 58,4 млн теңгені құрады. Көлемі бойынша көшбасшылары State Street Global Advisors басқаруындағы US_SPY_ (36,5 млн теңге; 8 мәміле) үлес пұлдары алдыңғы қатарда, екінші және үшінші орында "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы CSECfe (15,9 млн KZT; 4 мәміле) және CSECgm (5 млн KZT; 1 мәміле), төртінші орында – IE_FXBF қосалқы қорының FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF акциялары (ETF KASE-дегі Индексі; 1 млн теңге; 16 мәміле).

Негізгі инвесторлар құрамында В 24 % жеке тұлғаларға, 32,1 % – брокер-дилерлердің үлесіне, 24,8 % – өзге институционалдық инвесторларға және 19 % өзге заңды тұлғаларға келді.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2019 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарииде жеке тұлғалар ашқан 119 687 жеке шот бар, ол бұрынғы айларға қарағанда 293 шотқа артық, 2019 жылдың басымен баслыстырғанда 2 863 артық.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАР НАРЫҒЫ

Шілде айында KASE шет ел валюталарының нарығында KASE 30 мүшесі қатысты.

Шет ел валюталарының нарығында сауда-саттық көлемі 1 050,8 млрд теңгеге жетті, ол алдыңғы айдың көрсеткішіне қарағанда 30,3 % немесе 457,8 млрд теңгеге аз. Орташа сараланған сауда-саттық көлемі 47,8 млрд теңге, орташа күндік мәміле көлемі – 382, бір мәміленің орташа көлемі – 124,9 млн теңге.

Ішкі экономикалық конъюнктура дамушы нарық валюталарына қысым көрсетуде. Шілде айында теңгенің долларға қатасты атаулы бағасы 1 % төмендеп, жыл басындағы деңгейге қайта оралды. Екі ірі әлемдік экономика арасында созылған сауда-саттық соғысының тәуекелдері шикізат товарларының баға белгілеулеріне кері әсерін тигізуде, ең алдымен – мұнайға әсер етуде. Шілде айының аяғына қарай Brent эталондық маркасының бағасы екі пайыздан көп жоғалтуда. Келесі кестеде Қазақстан қор биржасында саудаланатын валюталық жұптарының негізгі сипаттамасы берілген (жақшаның ішінде алдыңғы аймен салыстырғандағы көрсеткіштері берілген, бағамның өзгеруі шет елдік валютаның теңгеге қатысты орташа сараланған биржалық бағамының номиналдық атауын көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда- саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	2 721,1 (-30,8 %)	99,4 % (-0,23 %)	8 253 (-2 508)	380,71 – 385,10	384,21 (+1,0 %)
RUB/KZT	374,8 (-16,9 %)	0,2 % (+0,04 %)	63 (-13)	6,0237 – 6,1153	6,0547 (+0,2 %)
CNY/KZT	23,0 (+22,9 %)	0,1 % (+0,05 %)	64 (+20)	55,6154 – 55,9800	55,7801 (+0,9 %)
EUR/KZT	5,9 (+55,5 %)	0,2 % (+0,13 %)	30 (+9)	428,40 – 433,58	428,90 (-0,8 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Шілде айының соңында TONIA индикаторы 77 б.н. төмендеп, жылдық 8,27 % құрады, сонымен қатар TWINA индикаторның мәні (мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 27 б.н. төмендеп, жылдық 8,34 % төмендеп құрағанын көрсетті.

Шілде айының соңында бір күндік долларлық своп кірістілігі бір айда 82 б.н. қосып, SWAP-1D (USD) жылдық 7,91 % құрады. Екі күндік своп кірістілігі SWAP-2D (USD) 38 б.н. өсіп, жылдық 8,27 % құрады.

Шілде айында KazPrime-3M (KZT) өзінің қозғалысын Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің жоғары шегінде жалғастырып, индикаторы жылдық 10 % құрады.

Бір жұмыс күнге ашылған, USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәміленің көлемі арқылы орташа сараланған кірістіліктің мәнін көрсететін, ақша нарығының композиттік индикаторы MM_Index мамыр айының соңында жылдық 8,22 % құрап, 41 б.н. төмендеді.

Репо операциялар нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 5 283,4 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 6,7 % жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 240,2 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 358, бір мәміленің орташа көлемі – 671 млн теңге.

Репо ашылу операциялары сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 97,1 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепо нарығының жалпы көлеміндегі үлесі 89,6 % құрады.

Барлығы мамыр айында репо нарығындағы мәмілелер жасасуға Биржаның 42 мүшесі қатысты. Аталмыш сегментте сауда-саттықтың жалпы айналымынан 89 % астамын банктер құрады. Резидент еместердің есептік айда қатысу үлесі 0,9 % құрады.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 10,6 % азайып, 2 637,8 млрд теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 119,9 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 41, бір мәміленің орташа көлемі – 2,9 млрд теңге болды. Сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі құралдық құрылымы 81,1 % (2,1 трлн теңге немесе 5,6 млрд USD) екі күндік валюталық своп (USDKZT_0_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

Шілде айында "ұзақ" валюталық своппен 17 мәміле жасалды – он мәміле апталық своппен сомасы 88 млн АҚШ долларымен (33,8 млрд теңге) жылдық жылдық 7,1–8,3 %; бір айға своптары жеті мәміле 70,0 млн АҚШ долларын құрады (26,9 млрд теңге) жылдық 7,5–8,2 %.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Бірінші тоқсанда фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Мамырдың басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS), БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.